



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижесі

(салалар: тау-кен өндірісі және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2024 жылғы II тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша-кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім жөніндегі мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардың бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2024 жылғы 2-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3401

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 219
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 775
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 321
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 937
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 266
Ауыл шаруашылығы	➤ 190

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2708**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



Тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (65,8%) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.

Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санынан **58,6%-ды** құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.

Ауыл шаруашылығы мен құрылыста да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше **61,6%** және **59,8%**).

Көлік пен қоймада сақтауда іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (**45,5%**) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.


Саудада іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі жалпы жиынтықтағы сияқты жоғары емес (**23,3%**).

2024 жылғы 2-тоқсанда көлік пен қоймада сақтау саласында ғана бәсекелестіктің маңыздылығы артты.


Сауда нарықтық бәсекелестік мейлінше әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **40,9%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінуде.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **35,7%**, **көлікте және қоймада сақтауда** – **29,7%**, **ауыл шаруашылығында** – **23,7%**, **құрылыста** – **19,9%**, ал **тау-кен өндіру өнеркәсібінде** **14,6%** болды.


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2024 жылғы 2-тоқсанда көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша **Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі болды.

Нарықтық бәсекелестік бизнес кәсіпорындарға сауда және өңдеу өнеркәсібіне әсер етеді. Көбінесе тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы үшін тиісінше **салық ауыртпалығының деңгейі** мен **білікті кадрлардың жетіспеушілігі**, ал көлік және қоймада сақтау, сондай-ақ құрылыс кәсіпорындары үшін **экономиканың жай-күйі** кедергі болып табылады.

Келесі 12 айда барлық сала бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы көлік пен қоймада сақтауда жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы – ауыл шаруашылығында, ал ең азы көлік пен қоймада сақтауда күтілуде.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары болып қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – онда Ресей рублі мен еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салада басым (АҚШ доллары басым).

2024 жылғы 2-тоқсанда есеп айырысуда өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары теңгені ең көп пайдаланды – 19,9%.

6-график. Теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2024 жылғы 2-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне қатысты** өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін өсті. Теңге бағамының **АҚШ долларына** қатысты өзгеруінің теріс әсері де тау-кен өндіру өнеркәсібінен, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтаудан басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін **артты**.

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	15,5	5,3	6,8	2,4
Өңдеу өнеркәсібі	15,8	6,9	6,2	3,3
Құрылыс	18,4	7,4	5,8	3,6
Сауда	18,9	8,4	5,5	3,9
Көлік және қоймада сақтау	19,6	7,1	6,0	3,6
Ауыл шаруашылығы	13,5	6,6	-	3,4


9-график. 2024 жылғы 2-тоқсанда және 2024 жылғы 3-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %




2024 жылғы 2-тоқсанда саудадан басқа барлық салада банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі төмендеді. Кредиттеу шарттары қолайлы деңгейден жоғары болған кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне (16,0%), ал ең аз саны көлік және қоймада сақтау саласына (14,7%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме көлік және қоймада сақтау саласында (19,6%), ал шетел валютасында – тау-кен өндіру саласында (6,8%) байқалды. 2024 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (21,7%), ал ең аз үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (11,4%) тиесілі.


10-график. Орташа өлшемді* кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** берешегі бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2024 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі орташа өлшемді кредиттік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Бұл көрсеткіштің ең аз мәні ауыл шаруашылығы саласында (5,8%) байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі құрылыс саласында ғана ұлғайды. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш саудада өзгеріссіз қалды.

2024 жылғы 2-тоқсанда барлық саладағы пікіртерімге қатысқан 31 кәсіпорынға кредит беруден бас тартылды.

*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100

*** 90 күннен астам




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс — Дайын өнім бағасы — Шикізат бағасы

2024 жылғы 2-тоқсанда құрылыстан басқа барлық салада дайын өнімге сұраныстың артқаны байқалды. 2024 жылғы 3-тоқсанда барлық саладағы сұраныс жағдайының жақсаратыны күтілуде.

2024 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және қоймада сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы салаларында шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны баяулағаны байқалды. Дайын өнім бағасының өсуі тек тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста ғана баяулады.

2024 жылғы 3-тоқсанда барлық салада шикізат пен материалдар бағасының, сондай-ақ ауыл шаруашылығын қоспағанда, дайын өнім бағасының өсу қарқыны баяулайды деп күтіледі.


*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2024 жылғы 3-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2024 жылғы 2-тоқсанда өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) тек ауыл шаруашылығында, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда ұлғайды. Ауыл шаруашылығындағы жағдай өте жақсы, мұнда ӨҚЖ (ӨҚЖ>=90%) барынша жоғары кәсіпорындардың үлесі басқа салаларға қарағанда көбірек.

ӨҚЖ-ның неғұрлым жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде (59,1%) болды.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2024 жылғы 2-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа өлшемді өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**, %	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,45	1,73	0,20	38,5	0,54	51,4
Өңдеу өнеркәсібі	1,47	1,48	0,23	22,4	0,38	64,7
Құрылыс	1,11	1,19	0,22	22,3	0,24	74,3
Сауда	1,26	1,24	0,40	21,5	0,27	80,0
Көлік және қоймада сақтау	1,20	1,72	0,19	28,2	0,50	35,2
Ауыл шаруашылығы	1,57	1,29	0,08	14,0	0,43	49,5

2024 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай қалыптасты:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өтімділігі барынша жоғары (**АӨК=1,57**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі (**ЖТҚК=1,73**), сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау (**ЖТҚК=1,72**) кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті болып табылады;
- саудадағы іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,40**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары ең тиімді (**СР= 38,5%**), ал ауыл шаруашылығы (**СР=14,0%**) аса тиімді емес болып қалуда;
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (**ӨҚК=0,54**);
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=80,0%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді


*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалақ мәндер келтірілген

** Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2024 жылғы 2-тоқсанда тау-кен өндіру мен ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда кәсіпорындардың **қысқамерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігі жақсарды** (АӨК ұлғайды). Ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салада іскерлік белсенділіктің жақсарғаны байқалды (ААК бұрынғы көрсеткішінде қалды).

Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі ауыл шаруашылығы, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау салаларында төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (ЖТҚК) тау-кен өндіру өнеркәсібінде, құрылыс пен саудада көтерілді.


* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (11-бет)


Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сату көрсеткішінің орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды табыспен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



Сатудың рентабельділігі (салық салғанға дейін және пайыздар мен амортизация төлеу бойынша шығыс шегерілгенге дейін) 2024 жылғы 2-тоқсанда барлық салаларда жоғарылады. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сатудың рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **шығынмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі тау-кен өндіру өнеркәсібінде жоғары (11,0%).

Қаржы жылын табыспен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (51,7%) және сауда (50,7%) салаларының бағалауы барынша жоғары.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды табыспен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі жылды шығынмен аяқтауды күтетіндердің үлесінен көп.


*Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау


Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.б. өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешек жағдайы өзгерді. 2024 жылғы 2-тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық және кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі шамалы (тиісінше **23,9%**-дан **23,1%**-ға дейін және **21,0%**-дан **19,7%**-ға дейін) төмендеді. Көлік пен қоймада сақтаудан, сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда **мерзімі өткен дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі **төмендеді**. **Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар** кәсіпорындардың үлесі көлік пен қоймада сақтау, сондай-ақ құрылысты қоспағанда, барлық салаларда **төмендеді**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше **30,1%** және **30,6%**).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштерін бағалау

Еңбекақымен және жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санындағы өзгеріс³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі¹, %



2024 жылғы 2-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі мен сауданы қоспағанда, барлық салада өндіріс көлемі төмендегені байқалды. 2024 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығын (біршама баяулауын) қоспағанда, барлық салада өндіріс көлемі өседі деп күтілуде. Өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салада жұмыспен қамтылғандар саны төмендеді. 2024 жылғы 2-тоқсанда құрылыс және өңдеу өнеркәсібі салаларында ғана өз қызметкерлерінің жалақысын төмендеткен кәсіпорындар саны артты. 2024 жылғы 3-тоқсанда жалақымен байланысты жағдай барлық салада жақсарады.

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2024 жылдың 3-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (сауда, көлік және қоймалауды қоспағанда)

- Саудадағы **бәсекелестіктің** ең жоғары **деңгейі әлі сақталып отыр.**
- Кәсіпорындардың көбі **Қазақстан экономикасының жай-күйін** бизнес жүргізуге бірден-бір кедергі деп көрсетті.
- 2024 жылғы 2-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне қатысты** өзгеруінің теріс әсері барлық саладағы кәсіпорындар үшін ұлғайды. Теңге бағамының **АҚШ долларына қатысты** өзгеруінің теріс әсері тау-кен өндіру өнеркәсібін, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауды қоспағанда, барлық саладағы кәсіпорындар үшін **өсті.**
- Шетелдік әріптестермен есеп айырысуда пайдаланылатын негізгі валюта болып Ресей рублі мен АҚШ доллары қалуда (ауыл шаруашылығы саласын қоспағанда – Ресей рублі мен еуро басым). Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен (АҚШ доллары басым) басқа барлық салада басым.
- 2024 жылғы 2-тоқсанда өңдеу өнеркәсібін және сауданы қоспағанда, барлық салада өндіріс **көлемі** төмендегені байқалды. 2024 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығын (шамалы баяулау) қоспағанда, барлық салада өндіріс көлемі ұлғайды деп күтілуде.
- Ауыл шаруашылығында, көлік пен қоймада сақтауда ғана **өндірістік қуатты орташа жүктеу** артты. **Өндірістік қуатты жүктеудің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталуда (59,1%).
- **Құрылыстан басқа, барлық салада дайын өнімге сұраныс** артқаны байқалды.
- 2024 жылғы 2-тоқсанда барлық салада **сату рентабельділігі** өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда едәуір жоғары.
- Көлік пен қоймада сақтауды, тау-кен өндіру өнеркәсібін қоспағанда, барлық салада мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындардың үлесі **төмендеді.** Мерзімі өткен **кредиторлық берешегі бар** кәсіпорындардың үлесі көлік пен қоймада сақтауды, сондай-ақ құрылысты қоспағанда, барлық салада **төмендеді.**
- 2024 жылғы 2-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқыны баяулағаны тау-кен өндіру өнеркәсібінде, көлік пен қоймада сақтауда, сондай-ақ ауыл шаруашылығында байқалды. Бұдан басқа, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста **дайын өнім бағасының** өсу қарқыны баяулады.
- 2024 жылғы 3-тоқсанда барлық салада **шикізат пен материалдар бағасының,** сондай-ақ ауыл шаруашылығын қоспағанда, **дайын өнім бағасының** өсу қарқыны баяулайды деп күтіледі.